

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

AJ4800



## Қолданушының нұсқасы

**PHILIPS**



# Мазмұндар кестесі

---

<b>1 Маңызды ақпарат</b>	2
Қауіпсіздік	2

---

<b>2 Сіздің радиосағатыңыз</b>	3
Кіріспе	3
Қораптың құрамы	3
Радиосағаттың жалпы шолуы	4

---

<b>3 Жұмысты бастау</b>	5
Қуат көзі	5
Уақытты орнату	5
Қосу	6

---

<b>4 FM радионы тыңдау</b>	7
FM антеннасын дайындау	7
FM радио станцияларын реттеу	7
FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау	7
FM радио станцияларын қолмен сақтау	7
Алдан ала орнатылған FM радио станциясын таңдау	8
Дыбыс деңгейін реттеу	8

---

<b>5 Оятқыш таймерін орнату</b>	9
Оятқышты орнату	9
Оятар таймерін іске қосу/ажырату	9
Оятқышты кейінге қалдыру	9

---

<b>6 Басқа мүмкіндіктер</b>	10
Уақытты бетке проекциялау	10
Ұйқы таймерін орнату	11
Дисплей жарықтығын реттеу	11

---

<b>7 Өнім туралы ақпарат</b>	12
Ерекшеліктер	12

---

<b>8 Ақаулықтарды жою</b>	13
---------------------------	----

---

<b>9 Ескерту</b>	14
Қоршаған ортаны күту	14

# 1 Маңызды ақпарат

## Қауіпсіздік



### Абайлаңыз

- Бұл радио-сағаттың корпусын ешқашан алмаңыз.
  - Осы радио-сағаттың ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
  - Бұл радио-сағатты ешқашан басқа электр құрылғының үстіне қоюшы болмаңыз.
  - Бұл радио-сағатты күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызатын жерлерден алыс ұстаңыз.
  - Радио-сағатты қуат көзінен ажырату үшін, қуат сымына, ашаға немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.
- 
- Мына нұсқауларды оқып, орынданыз.
  - Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
  - Әсіресе қуат сымының ашаларын, электр розеткаларын және олардың радиосағаттан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
  - Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Радиосағаттың қуат сымы немесе ашасы бүлінген болса, оған су тиіп немесе үстіне зат құлаған болса, оған жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және басқаша бүлінген болса, оны жөндеу қажет.
  - Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
  - Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
  - Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, осы радиосағатты ток көзінен ажыратыңыз.

- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатын, мүліктің бүлінуін немесе радиосағаттың бүлінуін болдырмау үшін:
  - Батареяны радиосағатта көрсетілгендей, + және - белгісімен дұрыс салыңыз.
  - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртеккі және сілтілі, т.б.).
  - Радиосағат ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяны шығарып қойыңыз.
  - Батареяларды күн сәулесі, от немесе т.с.с сияқты артық қызу көзіне шығармау керек.
- Осы радио-сағат үстіне судың тамшылауына немесе шашырауына жол беруге болмайды.
- Радиосағаттың үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.



### Ескертпе

- Үлгілік тақта өнімнің батарея салғышында орналасқан.

## 2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) торабында тіркеңіз.

---

### Кіріспе


Осы радиосағат беретін мүмкіндіктер:

- FM радиосын тыңдау;
- көру уақыты және
- екі оятар орнату.

---


### Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:




- Радиосағат
- Қуат адаптері
- Басып шығарылған материалдар

## Радиосағаттың жалпы шолуы



- ① **⏻**
  - 1-дабыл немесе 2-дабылды орнату.
  - Оятқыш параметрлерін көру.
  - Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату.
- ② **📻 / RADIO**
  - Радионы қосу немесе өшіру.
- ③ **+ PRESET/ HR -**
  - Сағатты реттеу.
  - 12/24 сағаттық пішімді реттеңіз.
  - Алдын ала орнатылған радиостанцияларды таңдау.
  - Радиостанцияларды сақтау үшін санды таңдау.
- ④ **+ TUNING/ MIN -**
  - Минутты реттеу.
  - 12/24 сағаттық пішімді реттеңіз.
  - FM радио станцияларын реттеу.
- ⑤ **SNOOZE/BRIGHTNESS**
  - Оятқышты кейінге қалдыру.
  - Дисплей жарықтығын реттеу.
- ⑥ **REVERSE PROJECTION**
  - Проекциялауды кері ету.
- ⑦ **Дисплейлі панель**
  - Ағымдағы күйді көрсету.



- ⑧ **SET TIME**
  - Уақытты орнату.
- ⑨ **SCAN/PROG**
  - Радио станцияларды іздеп сақтаңыз.
- ⑩ **z Z**
  - Ұйқы таймерін орнату.
- ⑪ **+ VOLUME -**
  - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑫ **PROJECTION**
  - Проекцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ⑬ **ROTATE PROJECTION**
  - Проекцияны аздап реттеңіз.
- ⑭ **Батарея бөлімі**
  - Батареяны салыңыз.
- ⑮ **Спиральді антенна**
  - FM радиосы қабылдауын реттеңіз.
- ⑯ **7,5 В ТТ**
  - Қуат көзіне қосыңыз.

# 3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


## Қуат көзі

Осы өнімнің қуат көзі ретінде АТ қуатын немесе батареяны пайдалануға болады.

### А опциясы: АТ қуаты

#### ! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Электр кернеуінің радиосағаттың артқы немесе түп жағында басылған кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток сымын розеткадан ажыратқанда, әрқашан ашадан ұстап суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.




- 1 АТ адаптердің бір шетін радиосағат артындағы **7,5 В ТТ** розеткасына қосыңыз.
- 2 Айнымалы ток адаптерінің екінші ұшын қабырға розеткасына жалғаңыз.

### В опциясы: батарея қуаты

#### ! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяны қайта қате салса, жарылыс қаупі туындайды. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды дұрыс тастау керек.

- 1 Радиосағаттың астыңғы жағындағы батарея салғышты ашыңыз.
- 2 4 x 1,5 В R6/UM3/AA батареясын (жинақпен берілмейді) суретте көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.



- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.  
↳ Радиосағат пайдалануға дайын.

#### \* Кеңес

- Батарея заряды аз болған кезде аз батарея индикаторы көрсетіледі.

## Уақытты орнату

- 1 Минут орнату режимін іске қосу үшін **SET TIME** түймесін басыңыз.
- 2 12/24 сағаттық пішімді орнату үшін **+ PRESET/ HR** - немесе **+ TUNING/ MIN** - түймесін басыңыз.

- 3 Растау үшін **SET TIME** түймесін басыңыз.  
↳ Сағат пен минут сандары жыпылықтайды.
- 4 Сағатты орнату үшін + **PRESET/ HR** - түймесін басыңыз.
- 5 Минутты орнату үшін + **TUNING/ MIN** - түймесін басыңыз.
- 6 Растау үшін **SET TIME** түймесін басыңыз.  
↳ Орнатылған уақыт көрсетіледі.

---

## Қосу

Радионы қосу үшін  $\phi$  түймесін басыңыз.  
↳ Өнім FM тюнері режиміне ауысады.

---

## ECO күту режиміне ауысу


ECO күту режиміне ауысу үшін  $\phi$  түймесін қайта басыңыз.  
↳ Сағат (орнатылған жағдайда) көрсетіледі.



## 4 FM радионы тыңдау

### FM антеннасын дайындау

Жақсы қабылдау үшін спиральді антеннаны толығымен созып реттеңіз.



#### Ескертпе

- Кедергіні болдырмау үшін антеннаны қандай да бір басқа электр құралдарынан мүмкіндігінше алыс қойыңыз.

### FM радио станцияларын реттеу

- 1 FM радиосын қосу үшін **RADIO** түймесін басыңыз.
- 2 **+ TUNING/ MIN** - түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
  - ↳ Радиосағат күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек радиостанцияларға реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Станцияны қолмен реттеу үшін: Жиілікті таңдау үшін тюнер режимінде **+ TUNING/ MIN** - түймесін қайта-қайта басыңыз.

### FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау

#### Ескертпе

- Ең көбі 20 FM радио станциясын сақтауға болады.

FM тюнер режимінде **SCAN/PROG** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.

- ↳ Радиосағат барлық қолжетімді FM радиостанцияларын автоматты түрде сақтайды.
- ↳ Бірінші қолжетімді станция автоматты түрде таратылады.

#### Кеңес

- Толық іздеуді тоқтату үшін **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.

### FM радио станцияларын қолмен сақтау

#### Ескертпе

- Ең көбі 20 FM радио станциясын сақтауға болады.

- 1 Тюнер режимінде FM радиостанциясына реттеңіз.
- 2 **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.
  - ↳ Таңдап ала орнатылған сан жыпылықтай бастайды.
- 3 Нөмірді таңдау үшін **+ PRESET/ HR** - түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 4 Растау үшін қайтадан **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.

## 5 Басқа станцияларды сақтау үшін 1 - 4-қадамдарды қайталаңыз.


### Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.
- Алдын ала орнатылған тізімді тазалау үшін **SCAN/PROG** және **ZZ** түймелерін бір уақытта 10 секунд басып тұрыңыз.

## Алдан ала орнатылған FM радио станциясын таңдау

Алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін тюнер режимінде **+ PRESET/ HR** - түймесін қайта-қайта басыңыз.

## Дыбыс деңгейін реттеу



Ойнату кезінде дыбыс деңгейін арттыру немесе төмендету үшін **+VOLUME** - түймесін қайта-қайта басыңыз.

# 5 Оятқыш таймерін орнату

## Оятқышты орнату

Екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаруға орнатуға болады.



### Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Оятқышты орнату режимін белсендіру үшін немесе түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ Сағат пен минут сандары және оятқыш белгішесі ( немесе ) жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты орнату үшін + **PRESET/ HR** - түймесін басыңыз.
- 3 Минутты орнату үшін + **TUNING/ MIN** - түймесін басыңыз.
- 4 Растану үшін немесе түймесін басыңыз.
- 5 Дабыл көзін таңдау үшін + **PRESET/ HR** - немесе + **TUNING/ MIN** - түймесін басыңыз: соңғы тыңдалған FM станциясы немесе дыбыстық сигнал.
- 6 Растану үшін немесе түймесін басыңыз.



### Кеңес

- Оятқыштың дыбыс деңгейі біртіндеп артады да, жайлап оятады.
- Егер FM тюнері дабыл көзі ретін таңдалса, дабыл уақытында FM радиосы естілгенде, оның орнына дыбыстық сигнал белсендіріледі.

## Оятар таймерін іске қосу/ ажырату

Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату үшін не түймелерін қайта-қайта басыңыз.

- ↳ Оятқыш таймері қосылып тұрса, немесе көрсетіледі, ал өшіп тұрса, көрінбей қалады.
- Оятқышты тоқтату үшін, сәйкесінше немесе түймесін басыңыз.
- ↳ Дабыл келесі күндерде өздігінен қайталаанады.

## Оятқышты кейінге қалдыру

Оятқыш дыбысы шыққанда **SNOOZE** түймесін басыңыз.


- ↳ Оятар кейінге қалдырылып, тоғыз минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

## 6 Басқа мүмкіндіктер


### Уақытты бетке проекциялау

Уақытты қабырға сияқты бетке проекциялау арқылы бұл радиосағат сізге уақытты қараңғыда көрудің бірегей жолын ұсынады.


- 1 Проекцияны қосу үшін **PROJECTION** түймесін басыңыз.  
↳ Проекциялау объективі жаңады.




- 2 Үйлесімді проекция бетін табу үшін **ROTATE PROJECTION** тұтқасын бұрыңыз (ең көбі сол жаққа 100 градус немесе оң жаққа 100 градус).



- 3 Проекцияланған бұрышты шамалы реттеу үшін **ROTATE PROJECTION** тұтқасы дөңгелегін айналдырыңыз (ең көбі сол жаққа 60 градус немесе оң жаққа 60 градус).



- 4 Проекцияланған уақытты қайтару үшін **REVERSE PROJECTION** түймесін басыңыз (қажет болғанда).





- 5 Проекцияны өшіру үшін **PROJECTION** түймесін қайтадан басыңыз.  
↳ Проекция объективі өшеді.

### Ескертпе

- Батареямен қуатталатын режимде **PROJECTION** түймесін басқаннан кейін проекция тек 10 секунд жанып тұрады. Батарея деңгейі төмен болған кезде проекция функциясын пайдалану мүмкін емес.
- Ұзақ уақыт бойы проекциялау үшін жұмыс үшін АТ қуатын пайдаланыңыз.
- Уақыт немесе дабыл орнату барысында көзді қорғау үшін проекция өшеді.
- Төменгі жарық ортасында жобаланған уақытты көруге қатаң ұсыныс беріледі.

## Ұйқы таймерін орнату



Ұйқы таймерінің кезеңін (минуттар түрінде) таңдау үшін, **z Z** түймесін қайта-қайта басыңыз.

↳ Алдын ала орнатылған режимнен кейін радиосағат күту режиміне автоматты түрде ауысады.

**Ұйқы таймерін ажырату үшін:**

Ұйқы таймерін орнату режимінде [OFF] (өшіру) пайда болғанша, **z Z** түймесін қайта-қайта басыңыз.

## Дисплей жарықтығын реттеу

Басқа жарықтық деңгейлерін таңдау үшін **BRIGHTNESS** түймесін қайталап басыңыз:

- High (Жоғары)
- Орташа
- Төмен

### Кеңес

- Батарея қуаты режимінде 10 секунд жұмыс болмаса, қуатты үнемдеу үшін артқы жарық автоматты түрде өшеді. Оны қайта қосу үшін кез келген пернені басуға болады.

# 7 Өнім туралы ақпарат

## Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

## Ерекшеліктер

### Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты 0,4 Вт RMS

Жиілік жауабы 75 Гц - 12,5 кГц,  $\pm 3$  дБ

### Теңшегіш

Реттеу ауқымы (FM) 87,5 - 108 МГц

Реттеу торы 50 кГц

- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы <22 дБф

Іздеуді таңдау мүмкіндігі <35 дБф

Жалпы гармоникалық бұрмаланулар <2%

Сигнал-шу арақатынасы >50 дБ

### Динамик

Динамиктің номиналды қарсылығы 8 Ом

Динамик драйвері 1 X 2,25" толық ауқымы

Сезімталдық 83 $\pm$ 3 дБ/м/Вт

## Жалпы ақпарат

Қуат көзі

- АТ қуаты (қуат адаптері) Бренд атауы: PHILIPS;

Үлгісі: GQ05-075025-AG;

Кірісі: 100-240 В~, 50/60 Гц, ең көбі 0,3 А;

Шығысы: 7,5 В тұрақты ток, 250 мА;

- Батарея 4 АА батареясы (жинаққа кірмейді)

Жұмыс үшін қуат тұтынуы 1 Вт

ЕСО күту режимінде қуат тұтынуы <1 Вт

Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x К) 76 x 104 x 100 мм

Салмағы - негізгі құрылғы 0,3 кг

# 8 Ақаулықтарды жою



## Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

### Қуат жоқ

- Құрылғының айнымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Батареяларды полярлықтарымен (+/- белгілері) көрсетілгендей салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.

### Радио-сағаттан жауап жоқ

- АТ адаптерінің ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін радио-сағатты қайтадан қосыңыз.

### Нашар радио сигналын қабылдау

- Радио бөгеуілдерге жол бермеу үшін радиосағатты басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Спиральді антеннаны толық шығарып, орналасу қалпын реттеңіз.

### Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

### Проекцияны пайдалану мүмкін емес.

- Батарея деңгейі төмен. Батареяларды ауыстырыңыз немесе АТ қуаты көзіне ауысыңыз.

## 9 Ескерту

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) веб-сайтынан табуға болады.

қағаз полистирол (буфер) және полиэтилен (сөмкелер, қорғағыш көбік орауышы.) Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

---

### Қоршаған ортаны күту

#### Ескірген өнімді тастау



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдардың қалдықтарын жинау жөніндегі жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдарды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

#### Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орауышты үш материалға оңай бөлінетін етіп жасауға тырыстық: картон (қорап),







Copyright © 2015 Gibson Innovations Limited. Revised Edition © 2017  
This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility  
of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in  
relation to this product.  
Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke  
Philips N.V. and are used under license.

AJ4800\_12\_UM\_V4.0

